

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

Силлабус

Пән: «Паллиативтік көмек және онкология»

Мамандығы: 0301000 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 0301013 «Фельдшер»

Курс: 4

Семестр: 7

Қорытынды бақылау түрі: Емтихан

Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер KZ: 72/3

Аудиториялық сабақ: 12

Симуляция: 60

Шымкент, 2023 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 2 беті

«Паллиативтік көмек және онкология» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Ә.Қ. Мәди

Мамандығы: 0301000 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 0301013 «Фельдшер»

Силлабус «Мейіргер ісі-2» кафедра мәжілісінде каралды.

Хаттама № 1 " 01 " 09 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі: Г.Н. Айбекова

ПЦК мәжілісінде каралды.

Хаттама № 1 " 04 " 09 2023 ж.

ПЦК төрайымы: И.О. Темир

Әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 2 " 05 " 09 2023 ж.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Г.О. Мамбеталиева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 3 беті

Оқытушылар жөнінде мәлімет

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі	Қызметі	Оқитын курсы	Электронды мекен-жайы
1	Айбекова Гүлнур Нуржановна	Бакалавр	Бөлім басқарушысы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	Aybekova.Gulnur@mail.ru
2	Мәди Әсемай Қалыбекқызы	Бакалавр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	asemai.madi.99@gmail.com
3	Керімова Аружан Бақтыбекқызы	Бакалавр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	Aruzhan.keimova@mail.ru
4	Мамашева Лаззат Нүркенқызы	Бакалавр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	Lyazka_06@mail.ru
5	Оңбаева Әсел Болатқызы	Бакалавр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	Onbaeva11291@icloud.com
6	Совет Айсана Әбдіқасымқызы	Магистр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	aisanasovet@mail.ru
7	Аширметова Нигора Мухтаровна	Магистр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	ashirmetovanigara@gmail.com
8	Әшім Ақжарқын Бауыржанқызы	Бакалавр	Оқытушы	«Мейіргер ісі» колледж пәндері	Ashim.Akzharkyn@mail.ru

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 4 беті

3.1. Кіріспе

Паллиативтік медицина – бұл өмірлік болжамы шектелген, дертінің белсенді түрде өршуі байқалатын науқастарды медициналық қамтамасыз ету, ал күтім мұнда өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Паллиативтік көмек – медициналық және әлеуметтік қызметтің бағыты, оның мақсаты өмірге қауіп төндіруші ауруға шалдыққан науқастардың және олардың отбастарының өмір сапасын жақсарту, ауырсыну және басқа симптомдарды (физикалық, психологиялық және рухани) ерте анықтау, ұқыпты бағалау және емдеу жолымен олардың көресілерінің алдын алу және жеңілдету. Паллиативтік күтім ұғымына пациенттердің клиникалық белгілерін жою, әлеуметтік, психикалық-эмоциялық және рухани мәселелерін шешуі кіреді.

3.2. Пәннің саясаты:

№	Студенттерге қойылатын талап	Орындамаған жағдайда айыптау шаралары
1	Себепсіз сабақ қалдыру рұқсат етілмейді.	Тәжірибелік сабақты себепсіз қалдырған жағдайда бж қойылады.
2	Себеп бойынша қалдырылған сабақтарды өз уақытысында өтеу.	Себепті қалдырылған сабақтар тек деканат рұқсатымен (өтеу қағазы) өтеледі.
3	Дәріс және тәжірибелік сабақтарға уақытылы келу.	Студент 5 минуттан артық кешіксе сабаққа жіберілмейді. Оқу журналына және дәріс журналына бж қойылады.
4	Студенттің сыртқы келбеті талапқа сай болуы (халат, колпак, ауыстыратын аяқ киім және т.б.).	Студенттің сыртқы көрінісі талапқа сай болмаған жағдайда сабаққа немесе дәріске жіберілмейді және тәжірибелік журналда немесе дәріс журналында бж қойылады.
5	Студентте медициналық санитарлық кітапшаның болуы.	Медициналық санитарлы кітапшасыз студент клиниканың бөлімшеріне жіберілмейді және тәжірибелік журналға бж қойылады.
6	Студент оқытушыларға, курстастарына сыйластық пен қарауы қажет.	Студент құрметсіздік танытқан жағдайда, бұндай мінез-құлқы кафедра жиналысында талқыланады, деканатқа және ата-анасына жеткізіледі.
7	Кафедраның мүліктеріне студенттердің қамқорлық жасауы.	Мүліктерді бұзған жағдайда, студент өз күшімен қалпына келтіреді.

3.3. Пәннің мақсаттары:

- Дербес пән ретінде паллиативтік медицина, оның философиясы мен құқықтық негіздері бойынша білім алу
- Қатерлі ісікке шалдыққан науқастарда өмір сапасын төмендетуші синдромдарды анықтау үшін клиникалық тексеру минимумын және оларды жою принциптерін игеру
- Медициналық этика принциптеріне және дәрігердің қоғамдағы ролі мен жауапкершілігі түсінігіне негізделген, қатерлі ісікке шалдыққан науқастармен тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру

3.4. Пәннің міндеттері

- Паллиативтік медицина аспектілерінің заңдары және құқықтары
- Паллиативтік көмектің халықаралық стандарты
- Онкологиялық науқастардың арнайы және жалпы клиникалық тексеру әдістері

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы			044-80/ 11 ()
Силлабус			12 беттің 5 беті

• Қатерлі ісікке шалдыққан науқастардың өмір сапасын төмендететін синдромдардың клиникалық белгілері және оларды жою принциптері

• Паллиативті көмек көрсетудің үлгісі

• Дәрігерлік этика және деонтология қағидалары

3.5. Пәнді игерудің нәтижелері:

• Диагноз бен болжамға қарамастан, әр адамның паллиативтік және әлеуметтік көмек алу құқығын таниды

• Өлім мен өлуге қатысты мәдени аспектілерді түсінеді, паллиативті көмектің негізгі ұғымдары мен принциптері

• Паллиативтік көмек көрсету кезінде этикалық қағидаттар мен нормаларды сақтай отырып, инкурабельді пациенттерге мейіргерлік күтімді жүзеге асырады және терминалдық кезеңдегі науқастардағы ауырсыну синдромдарын жою қабілетін көрсетеді

• Пәнаралық араласудың маңыздылығын түсінеді және пациент пен оның отбасының барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мультидисциплинарлық тәсілді қолданады

• Ауру кезінде және ауыр жоғалту кезеңінде ауруханада және үйде паллиативті күтім саласында отбасын/пациентті оқыту және қолдау үшін әртүрлі әдістер мен әдістерді таңдайды

3.6. Пререквизиттер:

• Мейіргер ісінің негіздері

• Психология негіздері және коммуникативті дағдылар

3.7. Постреквизиттер:

• Шұғыл медициналық көмек

• Медициналық әлеуметтік оңалту

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны

• Паллиативті көмек философиясы

• Паллиативті науқастарға көмек және күтім көрсету

• Паллиативті көмекке көрсеткіштер

• Паллиативті көмек көрсету тәртібі, инновациялық тәсілдер

• Жан-жақты паллиативтік көмек (медициналық, психоәлеуметтік және рухани), мультидисциплинарлық тәсіл (дәрігерлер, мейірбикелер, психологтың тиісті дайындығы бар психотерапевт, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман / әлеуметтік қызметкер, дін өкілдерінің, түрлі діни конфессиялар)

• Қатерлі ісіктен емделген пациенттерді жүргізу қағидаттары неоплазмалар, бірақ химиотерапияның салдары, радиация, хирургиялық емдеу

• Туыстар мен еріктілерді паллиативті көмек көрсетуге үйрету стационарда және үйде көмек көрсету

3.9. Тақырыптық жоспар: тақырыптар, қысқаша мазмұны, оқыту түрлері (әдістері) технологиялары және сабақтың ұзақтығы (аудиториялық сабақтар, симуляция, өзіндік жұмыс).

3.9.1. Аудиториялық сабақтың тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе. Паллиативтік медицина туралы түсінік. Паллиативтік көмектің негізгі	Паллиативтік медицина тұжырымдамасы. Паллиативтік көмектің негізгі мақсаттары. Паллиативтік көмектің міндеттері. Паллиативті үрдістер.	2

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 6 беті

	мақсаттары мен міндеттері.		
2	Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету қағидалары.	Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету тәртібі. Паллиативтік көмек көрсетудегі мейіргердің міндеті мен рөлі. Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім қызметтерінің тізбесі. Мейіргерлік күтім көрсету үшін аурулар тізбесі.	1
3	Қазақстан Республикасының халқына паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты.	Қазақстан Республикасында денсаулық сақтаудың негізгі ресурстары. Қызметтің негізгі бағыттары және паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру құрылымы. Декомпенсация сатысындағы созылмалы өршіген аурулармен ауыратын науқастарға паллиативтік көмекті көрсету. Балаларға паллиативтік көмекті көрсетуді ұйымдастыру.	1
4	Паллиативтік медицинада қолданылатын әдістер.	Молекулярлық-генетикалық тестілеу. Химиотерапия мен хирургиялық әдістер. Сәулелік терапия.	1
5	Үй жағдайларында көмек көрсетуде қажеттілікті қанағаттандыру. Аралық бақылау 1	Үйде паллиативті көмек көрсету принциптері. Көмекті жоспарлау және жүзеге асыру процесінде пациентпен және оның туыстарымен үнемі өзара әрекеттесу.	1
6	Паллиативтік көмекті көрсету бойынша ұтқыр бригадалар және көпбейінді мамандар тобы жұмысын ұйымдастыру.	Ұтқыр бригадалар құрамы. Көп бейінді мамандар тобы. Ауырсынуды басу және симптоматикалық терапия. Қазақстанда паллиативтік көмек көрсету тәртібі.	1
7	Онкологиялық халі ауыр науқастарға паллиативті жәрдем ұйымдастыру.	Онкологиялық науқастарды емдеу принциптері. Онкологиялық аурулардың түрлі белгілерінде көмек көрсету. Жағдайы ауыр науқастарды күту ерекшеліктері. Олармен қарым-қатынас жасау тиімділігі. Жалпы күтім.	1
8	Хоспистер. Хоспистік паллиативтік көмек көрсетудегі мәселелер.	Хоспистің міндеттері мен функциялары. Хоспис қызметінің негізгі принциптері. хоспис қызметінің тиімділігіне талдау жүргізу.	1
9	Ауырсыну синдромымен өтетін, созылмалы үдемелі инкурабельді науқастарға паллиативті көмек көрсету.	Созылмалы үдемелі инкурабельді науқастарға паллиативті көмек көрсету жоспары. Ауырсыну синдромын бақылау, анорексия, кахексия, жүрек айну, құсу, бас айналу, іш қату, диарея, ұйқысыздық, шатасу және аурудың басқа да көріністері мен оның асқынулары,	1

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 7 беті

		гиподинамияға негізделген асқынулары бар науқастарға паллиативті көмек көрсету.	
10	Туберкулез ауруымен ауыратын науқастарға паллиативтік көмекті көрсету. Аралық бақылау 2	Туберкулез кезінде паллиативтік көмектің мақсаты мен міндеттері. Паллиативтік көмекті көрсету үшін таңдау критерийлері.	1
11	ЖИТС-пен ауыратын науқастарға паллиативтік көмек.	ЖИТС-пен ауыратын науқастарға паллиативтік көмектің мақсаты мен міндеттері. ЖИТС-пен ауыратын науқастарға паллиативтік көмек аспектілері.	1
Барлығы:			12

3.9.2. Симуляцияның сабақтың тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе. Паллиативтік медицина туралы түсінік. Паллиативтік көмектің негізгі мақсаттары мен міндеттері.	Паллиативтік медицина тұжырымдамасы. Паллиативтік көмектің негізгі мақсаттары. Паллиативтік көмектің міндеттері. Паллиативті үрдістер.	6
2	Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету қағидалары.	Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету тәртібі. Паллиативтік көмек көрсетудегі мейіргердің міндеті мен рөлі. Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім қызметтерінің тізбесі. Мейіргерлік күтім көрсету үшін аурулар тізбесі.	6
3	Қазақстан Республикасының халқына паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты.	Қазақстан Республикасында денсаулық сақтаудың негізгі ресурстары. Қызметтің негізгі бағыттары және паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру құрылымы. Декомпенсация сатысындағы созылмалы өршіген аурулармен ауыратын науқастарға паллиативтік көмекті көрсету. Балаларға паллиативтік көмекті көрсетуді ұйымдастыру.	6
4	Паллиативтік медицинада қолданылатын әдістер.	Молекулярлық-генетикалық тестілеу. Химиотерапия мен хирургиялық әдістер. КТ (RFA) бақылауындағы метастаздардың радиожилілік абляциясы. Веноздық инфузиялық порт жүйелерін имплантациялау.	6
5	Үй жағдайларында көмек көрсетуде қажеттілікті қанағаттандыру.	Үйде паллиативті көмек көрсету принциптері. Көмекті жоспарлау және жүзеге асыру процесінде пациентпен және оның туыстарымен үнемі өзара әрекеттесу.	6

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 8 беті

6	Паллиативтік көмекті көрсету бойынша ұтқыр бригадалар және көпбейінді мамандар тобы жұмысын ұйымдастыру.	Ұтқыр бригадалар құрамы. Көп бейінді мамандар тобы. Ауырсынуды басу және симптоматикалық терапия. Қазақстанда паллиативтік көмек көрсету тәртібі.	5
7	Онкологиялық халі ауыр науқастарға паллиативті жәрдем ұйымдастыру.	Онкологиялық науқастарды емдеу принциптері. Онкологиялық аурулардың түрлі белгілерінде көмек көрсету. Жағдайы ауыр науқастарды күту ерекшеліктері. Олармен қарым-қатынас жасау тиімділігі. Жалпы күтім.	5
8	Хоспистер. Хоспистік паллиативтік көмек көрсетудегі мәселелер.	Хоспистің міндеттері мен функциялары. Хоспис қызметінің негізгі принциптері. хоспис қызметінің тиімділігіне талдау жүргізу.	5
9	Ауырсыну синдромымен өтетін, созылмалы үдемелі инкурабельді науқастарға паллиативті көмек көрсету.	Созылмалы үдемелі инкурабельді науқастарға паллиативті көмек көрсету жоспары. Ауырсыну синдромын бақылау, анорексия, кахексия, жүрек айну, құсу, бас айналу, іш қату, диарея, ұйқысыздық, шатасу және аурудың басқа да көріністері мен оның асқынулары, гиподинамияға негізделген асқынулары бар науқастарға паллиативті көмек көрсету.	5
10	Туберкулез ауруымен ауыратын науқастарға паллиативтік көмекті көрсету.	Туберкулез кезінде паллиативтік көмектің мақсаты мен міндеттері. Паллиативтік көмекті көрсету үшін таңдау критерийлері.	5
11	ЖИТС-пен ауыратын науқастарға паллиативтік көмек.	ЖИТС-пен ауыратын науқастарға паллиативтік көмектің мақсаты мен міндеттері. ЖИТС-пен ауыратын науқастарға паллиативтік көмек аспектілері.	5
Барлығы:			60

3.10. Әдебиеттер тізімі:

1. Қаныбеков, А., А. Қаныбекова. Мейірбикелік дағдылар / – Алматы: Эверо, 2016. 475 бет.
2. Н.Ю. Корягина, Н.В. Широкова, Ю.А. Наговицына, Е.Р. Шилина, В.Р. Цымбалюк. Мамандандырылған медбикелік күтімді ұйымдастыру.
3. Санов С. Науқас адамдарды жалпы күту. Оқу құралы, Қарағанды, 2015. 231 бет.
4. А.А. Сейдахметова, Н.Д. Калменов, Қауызбай Ж.Ә., Султанова Ж.С., Калменова К.М., Паллиативті көмек/оқу әдістемелік құрал. Шымкент, 2016. 101 бет.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нурманова, М. Ш. Сборник стандартов сестринских технологий по дисциплине "Основы сестринского дела" [- Қарағанды ЖК "Ақнұр", 2015.
2. Нурманова М. Ш. "Мейірбике ісі негіздері" пәні бойынша мейірбикелік технологиялар стандарттарының жинағы. - Қарағанды : ЖК "Ақ Нұр", 2015.
3. Дәулетбаев, Д. А. Мейірбике манипуляциясы алгоритмдері (стандарттары) : оқу құралы . - Алматы : ТОО "Эверо", 2015.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 9 беті

4. Нурманова, М. Ш. Сборник стандартов сестринских технологий по дисциплине "Основы сестринского дела": сборник - 2-е изд., испр. и доп. - Қарағанды : ЖК "АқНұр", 2015.

5. Общие сестринские технологии: практикум / С. Т. Сейдуманов [и др.]; - Алматы: Эверо, 2015.

3.11. Оқыту және оқыту әдістері:

- Дәріс: тақырып бойынша шолу
- Симуляция: ауызша сұрау, тесттік сұрақтарды, жағдайлық есептерді шешу, манекенмен, муляжбен жұмыс істеу, шағын топтарда жұмыс жасау

3.12. Бағалау критерийлері:

- Қорытынды баға келесі компоненттерден тұрады (салыстырмалы салмағы): Ағымдағы бақылау 1 (ТК А (дәрістер): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу.
- Ағымдағы бақылау 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу
- Аралық бақылау
- Қорытынды экзамен: қорытынды тест бойынша дұрыс жауаптары

Бағасы	Қолданылатын бақылау құралдарының сипаттамасы (кейс, жоба, сыни талдау, модельді әзірлеу, презентация, тест)	Салмағы
ТК 1 (ТК А (дәрістер, семинарлар): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу)	Сыни талдаудағы 3 тапсырма: -бақылау сұрақтары, - тапсырма -тесттер	15%
ТК 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу.	Практикалық дағдыларды пысықтау және құзыреттіліктердің орындалуын талқылау; Диспутацияланатын мәселелер бойынша аргументтерді таныстыру.	15%
Аралық бақылау	Курстық тесттер	15%
Емтиханға жіберу рейтингісі		X 60%
Қорытынды емтихан	Пән тақырыптары бойынша тесттер (200 сұрақ) және билеттер: теориялық сұрақтар, ситуациялық есептер бойынша сұрақтар	X 40%
Курстық қорытынды бағасы		0-100 балл

Аттестация

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
А	4,0	95-100	Өте жақсы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы		044-80/ 11 ()
Силлабус		12 беттің 10 беті

A-	3,67	90-94	Жақсы
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағатсыз
Бағалау кр-итерилері	Өте жақсы «A»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда Қанағаттанарлық «C» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда Қанағатсыз «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК Симуляция + ТК (аралық бақылау)) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (x 40%) Емтихан(жеке): Қорытынды емтихан

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар):

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерилері:

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

Тапсыру мерзімі: Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9